



Қатерлі және қатерсіз ісіктер

# Ісіктер

Ісіктер - әр түрлі ағзаларда өздігінен пайда болатын, шексіз тоқтаусыз, бақылаусыз өсумен сипатталатын патологиялық үрдіс. Ісік өсуге қабілетті кез-келген тіннен дамуы мүмкін.

# Ісік туындататын вирустар үш сатыда әсер етеді:

1) жасуша ішіне еніп , онда ДНҚ молекуласымен бірігіп кетеді де, жасушаның тектік ақпаратын өзгертеді;

2) өзгерген тектік ақпарат бойынша онконәруыздар мен мРНҚ түзілуін арттырады;

3) онконәруыздар жасушаның шексіз бөлініп көбеюін арттырып, ісік жасушасына айналдырады.

# Ісік өсуіне әкелетін қауіп-қатерлі ықпалдар.

## зиянды әдеттер:

- темекі шегу;
- маскүнемдік;
- насыбай ату;

**тиімсіз қоректену** (тым майлы тамақ ішу, ысталған тамақты артық пайдалану, тағамда витаминдер, қанықпаған май қышқылдары жетіспеуі т.б.)

- қоршаған ортаның химиялық заттармен, иондағыш сәулелермен ластанулары т.б. жатқызуға болады.

# Ісіктің түрлері

```
graph TD; A[Ісіктің түрлері] --> B[Қатерсіз]; A --> C[Қатерлі];
```

**Қатерсіз**

**Қатерлі**

# Қатерсіз ісіктер

## Қатерсіз ісік ерекшеліктері:

- капсула түзіп өседі,
- құрылымы қалыпты жасушаларға ұқсас келеді,
- ісік жасушалары дамыған және сараланған,
- айқындалған құрылымды атипизм,
- алып тастағанда қайтадан өспейді,
- Метастаздану болмайды,
- Адам үшін клиникалық көріністері жағымды,
- Кахексия тудырмайды және өлімге әкелмейді.


# Мезенхимадан өсетін қатерсіз ісіктер.

**Фиброма** жетілген талшықты дәнекер тіннен өсетін қатерсіз ісік. Ол теріде, теріасты шелінде, сүт безінде, жатырда, бұлшықет аралығында өсіп, бірте-бірте үлкейіп көлденеңі 4-5 см жетеді

Алкенің көлденеңі 4-5 см жетеді



**Липома** - май тінінің қатерсіз ісігі. Ол кесіп қарағанда сары немесе ақшыл сары түсті. Липома көлемі мен пішіні әртүрлі май клеткаларынан түзілген. Егер маймен бірге дәнекер тін өсіп кетсе ісікті фибролипома деп атайды. Липома құрамында қан жасаушы элементтер болса оны миелолипома дейді.






# Гибернома

қоңыр май тәрізді өте сирек кездесетін ісік.

Қоңыр май қалдық-тары ұшырайтын жерлерде: омыртқа, бүйрек, бүйрекүсті безі айналасында, жауы-рын аралығында, мойында, қолтық астында дамиды.




**Лейомиома** біріңғай салалы бұлшықет ісігі, көбінесе жатырда, асқазан-ішек жолдарында кездеседі. Ісік құрамында дәнекер тін басым болса, ол ісік фибромио-ма деп, қан тамырлары көп болса - ангиомиома деп аталады.



**Рабдомиома** көлденең жолақты бұлшықет ісігі жүректе, аяқ-қол бұлшықет-терінде өседі, оның көлденеңі 10-15 см-ге жетеді.



Мезотелиома - сірі қабықтардың ішкі қабықтарын астарлап жататын мезотелий клеткаларының ісігі.



**Хондрома** - гиалин шеміршегінен өсіп шығатын қатты ісік. Ең көп ұшырай-тын жері қолдың, аяқтың майда сүйектері, омыртқа.



# Эпителийден пайда болатын арнайы даму орны жоқ қатерсіз ісіктерге папиллома мен аденома жатады.

## Папиллома

Папиллома (латынша papilla - бүртік) жалпақ және өтпелі эпителийден өсіп шығатын ісік. Ол теріде, ауыз, мұрын қуысында, көмейде, бүйрек астауында, қуықта, сүт бездерінің өзектерінде, ми қарыншаларының ішінде өседі. Папиллома көлденеңі 1 сантиметрге дейін болған түінше түрінде кейде сабақшаға ілінген полип тәрізді терінің не шырышты қабықтарының үстінде жайғасатын ісік.

## Ісік

қарықтарынның астында және астында  
және астында және астында


## Аденома

Аденома - безді ағзалар эпителиінен, олардың өзектерінен өсетін безді ісік. Ол айналасындағы тіндерден жақсы шекараланған, үлкендігі бірнеше миллиметр-ден, ондағы сантиметрге жететін, жұмсақ ісік. Аденомалар өсіп шыққан жеріндегі тіндерге ұқсас құрылымдар түзеді. Егер аденома құрамында эпителийден гөрі дәнекер тін өсуі басым болса, бұл ісікті фиброаденома деп атайды.


ісікті фиброаденома деп атайды.  
дәнекер тін өсуі басым болса, бұл



**Папиллома**



Нормальная простата



Аденома простаты



# Қатерлі ісіктер

Қатерлі ісік ерекшеліктері:

- инфильтрацияланған өспе,
- капсуласы болмайды,
- жасушалық анаплазия,
- жетілмеген жасушалар,
- алып тастағанда қайтадан өседі.
- Метастаздану байқалады,
- Адам үшін клиникалық көріністері жағымсыз,
- Кахексия тудырады
- өлімге әкеледі.

# Қатерлі ісіктер.

Эпителийден туындайтын қатерлі ісікті рак деп атайды. Рак адамдағы қатерлі ісіктің түрі. Рак түйін түрінде, не жайылма өскен, ақшыл реңдегі ісік, ол қатты, кейде жұмсақ болады. Рақтың бірнеше түрлерін ажыратады:

- \* 1) *орнықты рак* - эпителий қабатының ішінде өсетін рак.
- \* 2) *жалпақ клеткалы* - терінің, шырышты қабаттардың жалпақ не өтпелі эпителийінен өсіп шығатын рак.
- \* 3) *безді* - безді ағзалардың шырышты қабықтарының призмалық немесе текше тәрізді эпителийінен өсіп шығатын рак.
- \* 4) *шырышты* - ісік клеткаларының көп мөлшерде сұйықтық бөліп шығару-мен сипатталады.
- \* 5) *солидті* - аса тез өсетін ісіктер қатарына жататын, эпителий клеткаларынан түзілетін рак.
- \* 6) *майда клеткалы* - жетілмеген рактар қатарына жатып, көбінесе өкпеде кездеседі.
- \* 7) *фиброзды* - сүт бездерінде, асқазанда көбірек кездеседі, өте қатерлі, ерте метастаз беретін рак.
- \* 8) *медулярлы рак* - ми тәрізді ақшыл және жұмсақ ісік.

## Мезенхиманың қатерлі ісіктері.

Фибросаркома - дәнекер тіннің қатерлі ісігі, ол аяқ-қолдың жоғарғы бөлігінде, жұмсақ тіндердің арасында түйін түрінде байқалады.



Дерматофибросаркома - терімен байланысты ісік, арқада, иықта және балтырда тері астынан томпайып тұрған түйін түрінде байқалады.



**Липосаркома** - май тінінің қатерлі ісігі, кез келген жаста кездеседі, ісік клеткаларының арасында бір ядролы және көп ядролы, ерекше ірі, атипиялық клеткалардың болуымен ерекшеленеді.



Қатерлі лейомиома - бірыңғай салалы бұлшықет ісігі.



Рабдомиосаркома - өте қатерлі ісіктердің бірі, көптеген метастаз береді.



**Ангиосаркома** - қан тамырларынан өсіп шығатын аса қатерлі ісік.





**Остеосаркома** - сүйектің қатерлі ісігі. Ол негізінен ұзын сүйектерде кездеседі.



Хондросаркома - сирек кездесетін, шеміршек  
клеткаларынан өсетін ісік.



## **•ЕРЕСЕК АДАМДАРДА ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ІСІКТЕР:**

Өкпе рагы,тері,тік ішек пен тоқ ішек рагы,сүт безі,асқазан, қуық безі,аналық без өңеш рактары, лимфома және лейкоздар.

## **•БАЛАЛАРДА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ІСІКТЕР:**

лейкоздар,лимфомалар,ми ісіктері, гепатобластома,нефробластома,тератомалар, рабдомиосаркокама,остеогенді саркома.

# ІСІКТЕРДЕГІ ЕКІНШІЛІК ӨЗГЕРІСТЕР:

-Некроз ошақтары мен апоптоз;

-Қан құйылу;

-Шырыштану;

-Тұздардың шөгіп қалуы.

# Диагностика

- 1) Эндоскопиялық зерттеу
- 2) Цитологиялық зерттеу
- 3) Морфологиялық ( биопсияны)
- 4) Рентгенологиялық зерттеу
- 5) Эхография
- 6) Компьютерлік томография
- 7) Лабораторлы зерттеу ( -қанның морфологиялық құрамын,  
- ферменттерді анықтау,  
- сынамаларды жүргізу)

**Морфологиялық әдіс** - дәрігер арнаулы құралдар (гастроскопия, ларингоскопия, т.б.) арқылы немесе жай көзбен көру арқылы тіннің патологиялық өсуінің сыртқы көрінісін макроскопиялық тексеру арқылы анықтайды.

**Микроскопиялық әдіс** -биопсия арқылы және алынған тін бөлігін зерттеу арқылы жүргізіледі. Осы әдістің арқасында ісіктің өсу не өспеуі және қандай түрі екендігін анықтауға болады

**Цитологиялық әдіс** - тін пункциясы арқылы анықталады. Арнайы ине арқылы ісік жасушаларын және сұйықтығы адам организмінен алынады.

Қатерсіз ісік болса

-Хирургиялық

Қатерлі болса

-Хирургиялық

-Сәулелік ем

-Химиотерапия

-Гармонотерапия